Ғылыми журнал

М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің

# ХАБАРШЫСЫ
# ВЕСТНИК

Западно-Казахстанского государственного
университета им. М.Утемисова

Научный журнал

2008 1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**1(29) шығарылым**

*қаңтар – ақпан – наурыз*

**Жылына 4 рет шығады**

Тарих, филология, философия, педагогика, психология
экономика, ауылшаруашылығы ғылымдары

**Бас редактор**

**Т.З.РЫСБЕКОВ**

тарих ғылымдарының докторы, профессор

***Редакция алқасы:***

| | |
|---|---|
| **И.А. Тайманов** | физика-математика ғылымдарының докторы, РФ Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Новосибирск мемлекеттік университеті; |
| **Д.А. Усанов** | физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университеті; |
| **Р.А. Абузяров** | педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ; |
| **М.К. Бисимәлиева** | филология ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ; |
| **Б.Қ. Бірімжаров** | тарих ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ; |
| **Т.Е. Дарбаева** | биология ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ; |
| **С.С. Джубатырова** | ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ; |
| **А.С. Қыдыршаев** | педагогика ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ; |
| **А.Мұханбетжанова** | педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ; |
| **З.К. Мұхлисова** | тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ; |
| **М. Сабыр** | филология ғылымдарының докторы, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ. |

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 07.12.1999ж. тіркеліп, № 971 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 09.08.2000ж. қайта тіркеліп, № 1432 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылым Тізіміне енді.

**Шығаруға жауапты: А.Ә.Кожевникова**

***ISBN 9965-553-82-3***

© М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2008.
*ТІРКЕУ НӨМІРІ 1432-Ж*

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Выпуск 1 (29)**

*январь - февраль – март*

**Жылына 4 рет шығады**

Исторические, филологические, философские, педагогические, экономические, сельскохозяйственные науки, психология

**Главный редактор**

**РЫСБЕКОВ Т.З.**

доктор исторических наук, профессор

***Редакционная коллегия:***

| | |
|---|---|
| **Тайманов И.А.** | доктор физико-математических наук, член-кор. Академии наук РФ Новосибирский государственный университет; |
| **Усанов Д.А.** | доктор физико-математических наук, профессор, Саратовский государственный университет им.Чернышевского; |
| **Абузяров Р.А.** | доктор педагогических наук, профессор, ЗКГУ; |
| **Бисималиева М.К.** | доктор филологических наук, ЗКГУ; |
| **Бримжаров Б.К.** | доктор исторических наук, профессор, ЗКГУ; |
| **Дарбаева Т.Е.** | доктор биологических наук, ЗКГУ; |
| **Джубатырова С.С.** | доктор сельскохозяйственных наук, ЗКГУ; |
| **Кыдыршаев А.С.** | доктор педагогических наук, ЗКГУ; |
| **Муханбетжанова А.** | доктор педагогических наук, профессор, ЗКГУ; |
| **Мухлисова З.К.** | кандидат исторических наук, доцент, ЗКГУ; |
| **Сабыр М.** | доктор филологических наук, доцент, ЗКГУ. |

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999 г., выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации №1432-Ж от 09.08.2000 г., выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для публикации основных результатов диссертаций по филологическим, историческим и педагогическим наукам.

**Ответственный за выпуск: Кожевникова А.А.**

***ISBN 9965-553-82-3***

© Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова, 2008.

*РЕГИСТРАЦИОННЫЙ НОМЕР 1432-Ж*

ӘОЖ 378.18:342.725

**А.С. Қыдыршаев**
п.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
**И.С. Сұлтаннязова**
М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

# СТУДЕНТТЕРДІ ТІЛДІК ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Бүгінгі таңда студенттерді тілдік қатынас мәдениетіне баулу – мемлекеттік маңызды талаптардың бірі. Себебі студент атаулы қатынас құралы тілді қаншалықты еркін қолдана алса, олардың өндіріске, қоғамдық өмірге қатынасу, араласу деңгейі соншалықты айқындалмақ. Осы жағдайға орай, студенттердің сөйлеу дағдысын дамыту талабы жоғары оқу орнына берілген әлеуметтік сұраныс ретінде қабылданбақ. Әсіресе, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінде ерекше мәнге ие бола түсуде.

Тіл мағынасы адам түйсігі мен ойындағы өмір көрінісі ғана емес, белгілі бір уақыт аралығында бір адамның басқа адаммен қарым-қатынас орнатуы үшін болмысты тілдік қатынаста пайдалану арқылы өмірге белсене араласатын құбылысты да аңғартпақ. Оқытушы жоғары оқу орнындағы орталық тұлға болып табылады. ол студентті кәсіби дайындау барысында жеке тұлға ретінде қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл арада болашақ мұғалімдердің әртүрлі коммуникативті жағдаяттарда өзіндік сөз сөйлеуді еркін игеруі ғана емес, алдын ала оларды кәсіби-педагогпкалық әрекеттегі педагогикалық қатынас мәдениетіне үйрету, шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін оқушылардың тілін, сөйлеу дағдысын дамыту әдістемесімен қаруландыру да аса қажетті іс. Демек, жоғары оқу орны түлектеріне жоғары кәсіби білікпен қатар қарым-қатынас,

әсіресе тілдік қатынас қағидаларын жетік меңгеру талабы қойылуы заңды.

Қоғамымызда тілдік қатынас мәдениетінің мәселелері өзекті бола тұра, осы мәселелерді қамтитын ұлттық оқулықтар мен әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Бұл сұранысқа толығымен жауап беретін пән де жоқ. «Тілдік қатынас негіздері», «Тіл мәдениеті» пәндері оқытылғанымен, тиімді тілдік қатынас орнату көздерін жан-жақты аша алмайды.

Ғалымдардың тілдік қатынас мақсатын жүзеге асыру әдістері жөніндегі көзқарастарына жүгінсек, саланың мазмұнынан туындар төмендегідей тәсілдерге назар аударылады: 1.*Лингвистикалық тәсіл*_ /Қарым-қатынастың тиімді жүзеге асуы үшін әдеби тіл нормалары мен сөйлеу мәдениеті критерилерін меңгеру қажеттігі. Бұл тәсіл тіл мәдениеті арнасына да тән/;

2.*Психолингвистикалық тәсіл* /Тілдік қатынастың тиімділігіне қарай екі бағытқа ажыратылады: *риторикалық* (Әр түрлі жағдайдағы факторларға сәйкесті тілдік тұрғыда хабарлаудың (сөйлеу құрылымын, тілдік элементтерді дұрыс екшей білуі) лингвистикалық сипаттарына ие. Бұл тәсіл шешендіктану арнасында жүзеге аспақ); *қызметтік* ( Тіл - құрал қызметінің негізгі дағдыларының даму деңгейі басшылыққа алынбақ);

3. *Психологиялық тәсіл* /Тілдік қатынас жетістігі адамның бір-біріне өзара әсер етудің психологиялық механизмін пайдалана білуіне байланыстылығы. Іскери қатынас, психология арналары осы тәсілге баса ден қояры мәлім/;

4. *Кешенді тәсіл* /Тілдік қатынас үрдісінің әр түрлі аспектілерін қарастыруымен маңызды/.

Біздіңше, жоғарғы аталған тәсілдерге орай студенттерді тілдік қатынас мәдениетіне баулуда негізгі міндеттердің сапына енер мәселелер төмендегіше:

- студенттердің әдеби тіл нормаларын жетік меңгеруі;
- тілдік қатынас жағдаятына орайлас түрлі тәсілдер арқылы сөз құрай білу дағдысының тілдік құралдар, сөйлеу фигураларын таңдап қолдана білуі, т.б.;.(риторикалық аспект);
- тілдік қатынас түрлеріне қажетті дағдыларды жетілдіру;
- адамдардың бір-біріне өзара жағымды әсер етуінің психологиялық механизмін білуі.

Демек, қазіргі таңда тілдік қатынас мәдениетінің жеке ғылыми бағыт болуы, сәйкесінше жеке оқу пәні ретінде оқытылуының өзектілігі де дау туғызбайды.

Қазіргі оқыту әдістемесі қаркынды даму үстіндегі заманда филолог студенттерді тілдік қатынас мәдениетіне үйрету формалары - кәсіби-оқыту бағдарламасындағы келелі мәселелердің бірі.Тілдік білім беруде *«тілдік сипаттама»* термині бар. Ол *«тілдік тұлға»*, *«тілдік білім»*, *«тілдік сипат»* үштігімен түсініледі. ЖОО студенттерінің тілдік білімі мұғалім тұлғасын қалыптастыруға тікелей қатысты. Кез-келген білім адамның танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде көрінетін мәдениет элементі болып табылады. Сондықтан да, студенттерді тілдік қатынас мәдениетіне баулудың тиімді моделі функциональды лингвистика, психолингвистика, мәтін теориясы, этнопсихолингвистика ілімдерінің терең зерделенген соны жетістіктеріне негізделмек.

Белгілі ғылымның жеке салаларға бөлінуі бір-біріне өзара әсер етіп, аралық пән әкелуімен ерекшеленбек. Сондай саптағы ілім көзі – «Тілдік қатынас мәдениеті» курсы. Ол тілдік құралдарды бөлшектемей, жан-жақты қарай отырып, оларды студенттердің тілдік қатынас барысында орынды қолданып, әдеби тілде мәдениетті сөйлеуге үйренуіне мән береді.

Тілдік қатынас мәселесі дүние жүзі елдерінде кеңінен зерделенуде. Мәселен, тек АҚШ-тың өзінде ондаған мың ғылыми қызметкер осы мәселемен айналысады. Онда қарым-қатынас мәселесін зерттейтін арнайы орталықтар жұмыс істейді (Мысалы, Карнеги орталығы). Біздің елімізде бұл саладағы сең енді ғана бұзылуда. Алайда, қазіргі кезеңде аталмыш ғылым саласын кеңейте түсу мен сөйлеу мәдениетін қамтитын көп аспектілі пән ретінде тілдік қатынас мәдениеті жөнінде кең колемді мәселе көтеру орынды.

«Тілдік қатынас мәдениеті» пәні тіл арқылы сөйлесуді ғана басшылыққа алмайды, айтайын деген ойынды әсерлі, шешен тілмен, дәл де шебер жеткізуді үйретеді. Оқу пәні атауының және мазмұнының өзгеріп отыруы қарым-қатынас үрдісіндегі қатынас жасай білуге бағытталған әдістеме іліміндегі коммуникативтіліктің амалы ретінде танылған коммуникация теориясының, мәтін лингвистикасының, сөйлеу әрекеті теориясының дамуына негізделеді.

Тіл байлығының ең жоғарғы шыңына тілдік нормалар мен мағыналық ережелерді сақтай отырып жетуге болады. Л.Витгенштейн: «Біз кейбір ойындар үшін белгілі ережелер мен ойнау тәсілдерін белгілейміз, бірақ сол ережелерді бұлжытпай сақтағанда да, бәрі біз ойлағандай бола бермейді», - деп, тілдік

қатынастың нормаланған жағдайында да қиындықтар кездесетіндігін айтады. Біздің мақсатымыз - қарым-қатынас аумағында тілдік қатынас жасау үшін қажетті лексикалық, сөзжасамдық, синтаксистік ережелермен, тілдік нормалармен қаруландыра отырып, сөйлесімдегі шығармашылық ізденіске баулу. Бұл жағдайда сөйлеу, сөйлесе білу қатынасы – оқытудың мақсаты да, құралы мен тәсілі де.

Сөйлеу әрекеті теориясының талдамалары, функциональды стилистика мен сөйлеу мәдениеті туралы еңбектер, кәсіби-педагогикалық тәжірибелердің ерекшеліктерін, мәтінді зерделеудің әртүрлі аспектілерін талдау, сөйлеу этикеті мәселелерін назарға алу туралы зерттеулер әдіскер ғалымдарымызды оқыту міндеттерін шешуге жаңаша қарауға әкелді. Яғни, осы саланың келешегіндегі сапалық жетістіктер коммуникативтілікке бағытталған курспен бірлікте карастырылады. Мәселен, Б.Ф. Ломов қарым-қатынасты адамның әлеуметтік болмысы ретінде карастырады. Ол: «Қарым-қатынас қатар дамып отырған екі әрекеттің бір-біріне қосылуы емес, ол – қатынаска түсетін суъектілердің бір-біріне өзара әсері»[5,252], деп түйін жасайды. Сондай-ақ А.А.Леонтьев, В.В.Рыжев, Г.В.Гусев, Г.П.Шедровскийлер қарым-қатынасты қызмет түрі деп тапса, И.А.Зимняя қатынас қызмет те емес, өзара әсер де емес, өзара әсердің формасы деген тұжырым айтады [7]. Ал В.Н.Понферов: «Қарым-қатынас - адамдардың бір-біріне өзара әсері, оның мазмұны өзара таным, біріккен қызмет үрдісіне қолайлы әр түрлі қатынас арқылы ақпарат алмасу болмақ», - дейді [6,162]. Ол қарым-қатынастың төрт кезеңін (байланыс; өзара әсер; таным; өзара қатынас) және төрт жолын (коммуникативтік; ақпараттық; танымдық; реттегіштік) атайды. Ғалым Б.Ф.Ломов қарым-қатынас қызметінің үш түріне (коммуникативті ақпараттық; коммуникативті реттегіштік; коммуникативті толқыныстық) баса акцент жасайды Қысқасы, ғалымдардың жасаған түйін-тұжырымдарына сүйенсек, қарым-қатынас барысында тіл негізгі тұлға болып табылады. Сондықтан да тілдік қатынас тілді оқытумен ұштасып жатады.

Орыс мектептеріндегі сөйлеуге үйрету әдістемесі жан-жақты талданған бірден-бір сала ретінде танылады. Бұған мұғалімдерге арналған шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті, практикалық стилистика туралы әзірленген көптеген оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулар дәлел бола алады. Ал қазақ мектептеріндегі бұл сала әлі де қыруар тер төгуді қажет етеді.

Жоғары оқу орны әдістемесінде де сөйлеу мәдениеті және өзге де сөйлеуге баулу пәндері бойынша бағдарламалар әзірлеу, оқулықтар жазу қадамдары жасалуда. Жоғары оқу орны студенттерінің арсеналында сөйлеу мәдениетін оқытудың теориясы мен практикасының жекелеген мәселелері талданатын әдебиеттер баршылық. Дегенмен де дидактиканың барлық талаптарына сәйкесті ғылымның қазіргі жай-күйін бейнелейтін барынша толық көлемді оқулық, кең тұргыда талдауға арналған әдістемелік нұсқаулар, мәтіндік материалдар жоқ, курс бағдарламалары болса, толықтыра, елей де екшей түсуді қажет етеді. Ал қажетті оқыту құралдарының болмауы оқыту мазмұнының негізгі мақсатына сәйкес еместігін аңғартады. Ендеше мұндай жағдайда оқыту үрдісі тиімді болмақ емес. Демек, бұл орайдағы зерттеу жұмыстарының өзектілігі педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің қатынас мәдениеті деңгейін арттыру саласындағы қоғамның әлеуметтік сұранысымен, болашақ мұғалімдерді оқушылардың тілін дамыту әдістемесіне оқытудың аса қажеттігімен, қазіргі тіл дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру теорияларын дамытумен өлшенбек, аталмыш мәселенің әдістемелік аспектісінің жеткілікті талданбауымен және мұндай талдаманың практикалық зәрулігімен анықталмақ.

Сала зерттеуінің мақсаты жоғары оқу орнының гуманитарлық бөлім студенттеріне арналған «Тілдік қатынас мәдениеті» курсының ғылыми негізін талдаудан, оның мазмұнын анықтаудан, оны жүзеге асырудың жолдарына сипаттама беруден құралмақ. Ал студенттерді тілдік қатынас мәдениетіне оқытудың бірден-бір тиімді болуы төмендегі мәселелерді алға қоюдан құралмақ:

- курс негізіне коммуникативтілік, ортақ мәтіндік, функциональдылық сияқты қазіргі амалдарды енгізу;
- курстың кәсіби бағыттылығын тереңдету;
- жоғары оқу орны бағдарламасына тілтану пәндерінің арасындағы тілдік қатынаска, сөйлеу дағдыларына баулудың мазмұнын үйлесімді тұргыда бөлу.

Аталмыш пәнді тәжірибеге енгізудегі алғы мақсат төмендегідей міндеттерді шешуді де керек етеді:

- Оқыту әдістемесіндегі оқытушылардың іс-тәжірибелерін жинақтау және ортақ олқылықтарды топтау мақсатында студенттердің сөйлеу мәдениеті деңгейін анықтау, гуманитарлық жоғары оқу орындарында сөйлеу мәдениетін оқытудың жай-күйін жете зерделеу;

- Студенттердің сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың жүйелі амал-тәсілдерін талдап, әзірлеу;

- Осы амал-тәсілдердің негізінде курс моделін жасау: тілдік қатынас мәдениетін меңгертудің мазмұнын іріктеп шығару, курс құрылымын анықтау.

- Студенттерді оқыту үдерісінде эксперимент арқылы курс моделін әзірлеу және оның тиімділігін тексеру.

Жинақтай айтсақ, бұл бағыттағы ғылыми-әдістемелік зерттеу мәселелері төмендегідей түйіндерді ұсынуға негіз жасайды:

1.Сөйлеудің коммуникативті сапасы (дәлдігі, қисындылығы, орындылығы, мәнерлілігі, түсініктілігі, т.б.) мәтін деңгейінде ғана көрініс бере алатындығы;

2.Болашақ мұғалімнің тілдік қатынас мәдениетінің көрсеткіші олар әзірлеген ауызша және жазбаша үлгідегі мәтін, дәлірек айтсақ, оның қатынас ортасы мен жағдаятқа сәйкесті есептелетіндігі. Бұл жағдайда мәтін бақылау тірегі рөлін атқаратындығы;

3.Студенттерді тілдік қатынас мәдениетіне тәрбиелеу жұмысының тиімділігінің артуы курс коммуникативті бағыт ұстанса, оқытудың мазмұнын іріктеу, елеп-екшеу, тілдік материал мен тілдік қатынас міндеттеріне ортақ мәтіндік амал ұстанымымен жүгінсе, ал оқытудың іс үстіндегі жоспары тілдік қатынас міндеттерінің тәжірибелік қалпын ұйымдастыра алумен байланыстылығы;

4.Тілдік қатынас мәдениеті – кешенді пән, сол себепті де оқыту мазмұнын іріктеуде міндетті түрде әлеуметтік және психолингвистика, стилистика, шешендіктану саласындағы соны жетістіктерді ескеру керектігі;

5.Курстың негізгі теориялық қағидалары бірізділікпен әрі жүйелі түрде машықтық сабақтарда бекітілетіндігі. Демек, курстың теориялық және машықтық бөлімі тығыз бірлікте қарастырылып танылатындығы.

Тіліміздегі мол тілдік құралдарды өз ойымызды нақты жеткізуге пайдалана білгеніміз жөн. Тілді оның қолданатын ортасынан тыс алып қарау мүмкін емес. Өркениетті елдегі қоғам барлық тұрғыда мәдениетті болса керек, ендеше қоғам мүшелерінің әркайсысы сөйлеу мәдениетін жетік меңгергені дұрыс болар еді. Осы орайда, студенттерге әр сөзді өз мағынасына сай орынды қолдана білуге баулу қажеттігі туады.

Демек, осы реттегі қордаланған проблемалардың белгілі бір дәрежеде нюі, тәжірибе жүзінде шешім табуы еліміздегі мол әлеует

иесі студент жастарды тілдік қатынас мәдениетіне баулу ісінің ғылыми-әдістемелік тұрғыда сауатты өрілуіне де байланысты. Өйткені, сөйлеу мәдениеті өспейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жету мүмкін емес.

***Әдебиеттер:***


*1.Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2006 -142 б.*

*2.Қыдыршаев А.С. Студенттерді тілдік қатынас мәдениетіне баулу // «Қазақстандағы психология және педагогика ғылымдарының өзекті проблемалары» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы, 2000. – 70-74 - б.б.*

*3.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Алматы: «Сөздік-словарь», 2005. -272 бет*

*4.Львов М.Р. Риторика. Культура речи. – Москва, 2004. – с. 272*

*5. Ломов.Б.Ф.Методологические и теоритические проблемы психологии Москва,1984. – с.252*

*6.Панферов В.Н. Психология общения//Вопросы философии, 1972, №7 – с. 162*

*7 Зимняя И.А. Педагогическая психология. Москва,1997. – с.322-325*

*8.Қыдыршаев А.С., Султаниязова Н.С. Студенттердің тілдік қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық қағидалары// «Академик Қажым Жұмалиев және ұлттық рухани әлем» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Орал, 2007.- 511-517 б.б.*


***


*В данной статье научно обосновываются цели, задачи, содержание и методическая система курса «Культура языкового общения» для студентов.*


***


*In the given article the purposes, tasks, contents and methodical system of the course for the students "Culture of language discourse" are scientifically proved.*

УДК 93(574.24)

**Алпыспаева Г.А.**
к.и.н., доцент Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г. Астана

# КОРЕНИЗАЦИЯ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ В АКМОЛИНСКЕ И АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 20-ые годы XX века

В исторической литературе под "коренизацией" понимается политика большевиков, направленная на стимулирование национальных языков и формирование слоя национальных функционеров государственного и хозяйственного аппарата. Она предусматривала перевод делопроизводства на национальные языки и придание языкам титульных наций официального статуса, подготовку кадров управленцев, хозяйственников и интеллигенции из числа коренных национальностей в республиках, развитие образования на национальном языке. В Казахстане коренизация совпала с введением нового административного районирования, формированием новых органов управления на местах и переходом на новый казахский алфавит (НКА).

Задачей предлагаемого исследования является изучение особенностей проведения политики коренизации на местах. В данном случае, в основу исследования положены архивные материалы по истории Астаны и Акмолинской области.

Исторические документальные источники достаточно подробно раскрывают сущность политики коренизации, те задачи, которые она должна была решить. В докладе председателя Окружного исполнительного комитета (ОКРИК) Кошкунова на II пленуме в октябре 1929 года четко обозначены цели и задачи национальной политики. Посредством коренизации предполагалось добиться решения стратегической цели – обеспечить участие масс в

социалистическом строительстве «...без стеснения национального языка и особенностей культуры» [1, л.201]. Ставилась задача создания государственного аппарата, быстро и гибко отвечающего запросам трудящихся разных национальностей.

В условиях Казахстана задача коренизации советского аппарата должна была коренным образом решить вопрос «...приобщения казахов к социалистическому строительству..., стать практической реализацией наиболее актуального лозунга «Советизация аула». Она делала доступным госаппарат широким массам, способствовала росту активности казахских масс и создавала условия для экономического и хозяйственного развития. И хотя она не решала всех проблем национальной политики партии большевиков, но должна была стать самой существенной ее частью [1, л.202].

Анализ архивных материалов по Акмолинской области и городу Акмолинску дает возможность обозначить основные направления политики коренизации: изменение национального состава аппарата госорганов в сторону увеличения процента казахского населения, коренизация должностей в аппарате (так называемая функциональная коренизация), перевод делопроизводства на национальный язык, введение нового казахского алфавита.

Комплекс административно-политических мероприятий по коренизации аппарата, определяемый центральным партийным руководством, не всегда выполнялся на местном уровне. Спускаемые сверху планы коренизации, в которых определялся процент коренизации (как правило, 50%) конкретных должностей, систематически не выполнялись. Статистическая отчетность о ходе выполнения коренизации составлялась небрежно, ради отписки, хотя центральные власти требовали подробной отчетности не только со стороны органов административного аппарата и ведомств, но и в разрезе отраслей народного хозяйства. По свидетельству окружного отдела народного образования «...единственным мероприятием, аккуратно приведенным в жизнь, стала замена вывесок на новом алфавите».

Еще хуже обстояли дела в «нацменовских районах» (в районах компактного проживания национальных меньшинств), особенно в немецких административных районах, которых в Акмолинском округе в период проведения районирования в 1929 году было выделено два [2, лл.22-27]. «За исключением культурно-социальных учреждений (школ, изб-читален) - отмечается в докладе Председателя ОКРИКа Кошкунова – в районах ничего нет» [1, л.95].

Сущность политики коренизации слабо понималась как рядовыми работниками местных органов управления, так и руководящим составом. Среди сотрудников не проводилась разъяснительная работа, своевременно не доводились сведения по функциональной коренизации. Поэтому зачастую европейскими работниками дискредитировалась сама идея коренизации. На практике это проявлялось в пренебрежительном отношении к сотрудникам-казахам, игнорировании распоряжений сверху по выполнению планов коренизации, нежелании посещать курсы казахского языка. По данным отдела труда Окружного исполнительного комитета специально организованные курсы казахского языка посещали всего по одному человеку от земельного управления и окружного селькредитсоюза, но они так и не закончили их [1, л.78].

Кроме отсутствия понимания целей и задач политики, отмечаются причины объективного характера: малоквалифицированность и неподготовленность кадров, отсутствие печатных машинок с казахским шрифтом, ничтожное количество средств, выделяемых на ликвидацию неграмотности среди казахов, полное отсутствие в округе средних учебных заведений для подготовки кадров культработников.

Составной частью коренизации на местах стала этнолингвистическая политика, о чем достоверно свидетельствуют архивные документы. Более того, языковой фактор был определяющим моментом в реализации планов коренизации. В телеграмме Казахского Краевого комитета ВКП(б) от 3 марта 1929 года за подписью Председателя Голощекина языковая политика, в смысле связи на национальном языке населения с аульными советами и районами, рассматривается как главный стержень коренизации [1, л.96]. Но особенность заключалась в том, что решение ее вовсе не означало обязательную замену номенклатурных должностей, занимаемых европейскими служащими, представителями титульной нации. Номенклатурные чиновники должны были овладеть национальным языком, чтобы обслуживать местное население на его родном языке.

Принцип полиэтничности пропагандировался сверху и активно поддерживался на местах. Наличие грамотных кадров из коренного населения было большой проблемой, и для выполнения планов функциональной коренизации всегда можно было включить в списки коренизированных номенклатур сотрудников не титульной

национальности, мало-мальски владеющих казахским языком. Так, в составе окружного государственного аппарата по данным на 1 апреля 1929 года всего работало 858 сотрудников, коренизированы были 424 номенклатурные должности, из них казахскими сотрудниками 201 должность, оставшиеся 223 должности занимали сотрудники-европейцы, владевшие казахским языком. При этом процент коренизированных должностей обслуживающего персонала был значительно выше, чем руководящих. Практически в каждой организации или административном подразделении процент подобных должностей составлял не менее 50 [1, л.47].

В подобной ситуации особое значение приобретала подготовка управленческих кадров, владеющих казахским языком. Обучение казахскому языку осуществлялось уже на основе нового казахского алфавита (НКА). Обосновывая потребность введения латинского алфавита, партийные функционеры рассматривали его как главное и мощное орудие «...приобщения трудящихся казахов к социалистической культуре, освобождения их от навязанного арабского алфавита, по существу являющегося орудием угнетения казахской национальности» [1, л.185].

Вопросы перевода казахского языка на латиницу требуют отдельного изучения, и в рамках данной статьи не представляется возможным подробно остановиться на рассмотрении проблемы. Следует лишь отметить некоторые аспекты перехода на латинский алфавит. Переход на латиницу был обусловлен двумя обстоятельствами. С одной стороны, учитывалась его интернациональность, так как на латиницу в 20-ые годы перешли одновременно 26 народов Советского Востока. С другой стороны, ставка делалась на его функциональность, т.е. имелось ввиду облегчение процесса создания ценностей новой социалистической культуры. В сущности же, новая письменность способствовала внедрению в сознание масс социалистической идеологии.

Обучение и переход на НКА на местах имел характер масштабной компании. В округе был объявлен культпоход в аулы, организован специальный комитет НКА и 8 районных казахских комитетов. Для проведения организационных мероприятий привлекалось 475 культурно-просветительских работников. Только за один год было переобучено 7905 человек, и обучено 4945 неграмотных. Краткосрочные и долгосрочные курсы, кружки по изучению казахского языка на основе нового алфавита организованы были в Акмолинске, административном центре округа. Всего

действовало 10 кружков. Распоряжением сверху в Акмолинске проведен учет лиц, знающих НКА. Таковых оказалось 33 человека, в том числе 6 женщин [1, л.100].

С 1929 года начат перевод обучения на НКА в казахских школах, а также в 7 и 9-летних школах коммунистической молодежи с русским языком обучения. Для подготовки инструкторов в округе был организован агротехникум, на базе которого выделялся самостоятельный казахский педагогический техникум. Особое значение придавалось подготовке национальных кадров среднего технического персонала: секретарей, машинисток, делопроизводителей, так как успех функционирования делопроизводства на казахском языке во многом зависел от профессионализма этой категории работников [1, л.185].

В основе реализации политики коренизации был принцип пролетарского интернационализма, предполагающий выдвижение на руководящие коренизированные должности казахов из батраков, бедноты и середняков, увеличение процента казахских женщин в госаппарате. При этом главным критерием «пригодности» кадров была принадлежность к партии большевиков, либо, в крайнем случае, лояльное отношение к политике большевиков.

Вместе с тем, принцип интернационализма предусматривал толерантные отношения между сотрудниками разных национальностей. Всех работников, искусственно «тормозящих коренизацию и создавших нетоварищескую обстановку в работе с товарищами из казахов, особенно впервые вовлеченных в госаппарат», увольняли из советского аппарата, а к нарушавшим правила ведения делопроизводства на национальном языке применялись судебные меры [1, л.185].

Таким образом, политика коренизации как на республиканском, так и местном уровне решала одну общую задачу – проведение в жизнь национальной политики большевиков с вытекающими отсюда всеми последствиями. Коренизация не ограничивалась только введением делопроизводства на национальном языке. В конечном счете, она была направлена на укрепление советской власти в национальных окраинах бывшей Российской империи. Хронологически проведение политики коренизации осуществлялось в 20-30-ые годы. Вместе с тем, она имела свое продолжение практически весь период существования советской власти, изменялись лишь формы и методы ее реализации, а сущность оставалась прежней.

При проведении районирования и формировании советских органов задача коренизации являлась основным принципом укомплектования работниками аппаратов. Создание национальной управленческой номенклатуры обеспечивало восприятие местным населением советской власти как коренной, а не навязанной из вне. Этнолингвистическая политика, как неотъемлемая часть коренизации, дополняла и укрепляла в сознании народа ценности большевистской идеологии. В этом состоял главный смысл политики коренизации.

***Литература:***

*[1]. Государственный архив г.Астаны. Ф. 241. Оп.1.Д.43.*
*[2]. Государственный архив г.Астаны. Ф. 241. Оп.1.Д.39.*

***

*Мақалада мемлекеттік және шаруашылық аппарат ұйымдарының байырғылану мәселесі қарастырылған. Жерлердегі байырғылану саясатының мақсаты, міндеттері мен қағидалары көрсетілген. Ұлттық функционерлер тобын құру, іс жүргізуді ұлттық тілге көшіру бойынша большевиктер саясатының негізгі бағыттары сипатталып отыр.*

***

*In the article "Strengthening bodies of the state and local management in Akmolinsk and Akmolinsk region in 20-s' years of XX century" are studied problems of strengthening bodies of the state and economic device. The purposes, problems and principles of policy in strengthening on places are shown. The basic directions of policy of bolsheviks on formation of a layer of national functionaries, transition of office-work into national languages are characterized. The article is written on materials of the state archive of Astana.*

ӘОЖ 94(571,1) «19»; 338,431:316,47

**С.М. Гиззатов**
БҚМУ ізденушісі

# БӨКЕЙ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ІШКІ ОРДАДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ

1801 жылдың 1 ақпанында Кіші жүздегі Хандық кеңестің төрағасы Бөкей Нұралыұлы Кавказ линиясының қолбасшысы, Кавказ жаяу әскерінің инспекторы генерал-лейтенант Кнорринге Ресей бодандығын қабылдау және Жайық пен Еділ өзендері аралығында көшіп жүруге рұқсат сұрайды.

Әрине, Бөкей сұлтанның мұндай қадамға баруына сол кезде Кіші жүзде қалыптасқан саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар әсер еткен-ді. Ақыры, патша I Павел 1801 жылдың 11 наурызында мынандай жарлық берді: «...қырғыз-қайсақ Кіші Ордасындағы хан кеңесіне басшылық жасап отырған Нұралы ханның баласы Бөкей сұлтанды өз қарамағыма шын ықыласыммен қабылдаймын, қай жерге көшіп барамын десе де ерікті...». Сол жылдың 20 желтоқсанында Бөкей 183 шаңырақты бастап Жайық өзенінен ішкі тарапқа өтеді. Алғашқы қоныс аударушылардың адам саны 740 болып, олардың малмүлкі 1366 ірі қара, 3360 жылқы,10250 қой, 24 түйені құраған-ды[1].Генерал – майор П.С.Поповтың Сенатқа берген мәліметінен 1802 жылдың қазан айында Астрахан даласында 5001 шаңырақтың көшіп жүргені байқалады. Ал 1802 жылы 18 қарашада Бөкей сұлтанның Поповқа хабарлауынша ішкі тарапқа тағы да 8331 адамы бар 1265 шаңырақ өткен екен. [2].

Жалпы қазақтардың империяның ішкі жағына өтуінде маңызды рөлді жер мәселесі атқарды. Кіші жүздің малшылар қауымы қажетті жайылым көзіне ие болуға, сөйтіп, өз шаруашылығын түзетуге үміттенді. Алайда, қазақ ауылдарының үдере көшуінің басты себебі бұл емес-ті. Жайық өзенінің оң жақ беті оларға әуелден-ақ таныс еді, сол себепті олар жерұйықты армандамады да ... Ішкі Ордадағы жер қатынастары Кіші жүздегідей күрделі жағдайда қала берді. Жер бедері, климаты және өзге де табиғи-географиялық белгілері бойынша Ішкі Орда Кіші жүзден кем болмаса, артық болмады.

Қоғамның экономикалық құрылымында басты нысанға ие болған мал шаруашылығы экстенсивті сипатта болып, көшпелі және

жартылай көшпелі жүйеде дамыды. Ел шаруашылығында жер өңдеудің онша маңызы болмады. Өндіріс күштерінің даму деңгейі төмен қалпында қала беріп, қолөнершілік дербес сала ретінде бөлініп шыға алмады. Ол үй шаруашылығы қажеттілігін қанағаттандырудан әрі аса алмады. [3].

1801-1815 жылдары билік еткен Бөкей Нұралыұлы Ішкі Орданың мерейін арттырып, қыр қазақтарын аяғынан тұрғызып, өзі құрған хандықта қызғыштай қорғи білді.

Ішкі жер қатынастарына тоқталсақ, жаңа аймақты игеру дәстүрлі жүйе бойынша, яғни күшті рулар жақсы жайылымдарға ие болып, онда өз құқықтарын орнатты. Ал кейіннен көшіп келген ауылдар құнарлылығы төмен, жайылыс көзі мардымсыз территорияға орнықты. Бөкей хан қалыптасқан жер қатынастарын өзгертпеді. Бұл жақында Т.Медведский: «Алғашқы қоныстанушылардың саны аз, ал оларға берілген жер көлемі үлкен болды. Сол себепті Бөкей жекелеген қауымдар мен адамдарға арнайылап жер бөліп жатпады. Қазақтар ең далада өз қалауынша көшіп жүрді. Олар қоныстарын бір орыннан екінші орынға жиі ауыстырып отырды, бірақ та жекелеген учаскелер үшін талас болмады,» - деп жазды. [4].

Бөкей ханға сырткы жер қатынастарында едәуір күш жұмсауға, арпалысуға тура келді. Хандық солтүстігінде Самара губерниясымен, оңтүстігінде Каспий жағалауындағы князь Юсупов, граф Безбородко пеліктерімен, батысында Астрахан губерниясының халықтары - қондырау татарлары, князь Түменге бағынышты хошеут қалмақтарымен, ал шығысында Жайық өзенін жағалай орналасқан Орал казак әскерлері жерлерімен шектескен-ді. Бөкейге осылардың әркайсысымен, әр түрлі деңгейде жер үшін күрес жүргізуге, өз бағыныштыларының мүддесін қорғауға тура келді. Осы кезеңде бұл өлкеде жоғарыда аталған халықтар арасында үлкен жер мәселелері туындаған еді. 1800 жылғы 27 қыркүйектегі император жарлығымен Астрахан губерниясында көшіп жүрген Үлкен және Кіші Дербет иелеріне және өзге де қалмақ ордаларының шенеуніктеріне Қытайдан кетпестен бұрынғы мекендеген жерлерін қайтарып беру ұйғарылды. Ал патшаның 1802 жылғы 28 сәуірдегі жарлығына сай қалмақтарға Цирицыннан Каспий теңізі жағалауына дейінгі кеңістіктен қажетті жерлерді немдену мұрсат берілді. Ал 1801 жылғы 11 наурыздағы жарлық бойынша Бөкей сұлтанға өз бағыныштыларымен Жайық пен Еділ өзендері аралығында көшіп-қонуына мүмкіндік туды. Бұл жағдай көшпелі екі халықтың

арасында жерге катысты үлкен мәселе туғызды. Оған қоса қалмақтар мен орыс шаруалары арасында да Еділ өзені бойындағы су көздеріне, құнарлы жерлерге деген талас өрши түсті. Сенат осындай жағдаяттарды ескере отырып, 1806 жылы Астрахан кордон инспекторы генерал-майор Завалишиннің және Ішкі істер министрінің баяндамалары негізінде көші-кон жөнінде арнайы жарғы жасауға кірісті. Осы жылдың 19 мамырында бұл жоба негізінде I Александр патшаның «Астрахан және Кавказ губернияларында көшіп жүрген қалмақтар мен өзге де халықтарға жер бөліп беру туралы» жарлығы күшіне енді. Жоғары мәртебелі бекіткен бұл құқықтық-нормативтік акт VI бөлім, 46 баптан тұрды.

I бөлім –Қалмақтарға көктемде, жазда, күзде көшіп-конуға берілетін жерлер және олардың шекарасы (1-8 баптар).

II бөлім – Қалмақтардың қыстауы туралы (9-17 баптар).

III бөлім – Қалмақтардың көршілес жатқан казактармен, казына және помещик шаруаларымен карым-катынасы (18-24 баптар).

IV бөлім – Қалмақтардың өзге де көршілес жатқан халықтармен карым-катынасы (25-28 баптар).

V бөлім – Мұсылман халықтардың жері мен шекарасы туралы (29-40 баптар)

VI бөлім-Көшпелі халықтарға жер бөлу туралы арнайы комиссияның құрылуы. (41-46 баптар).

Осы жарғының 4 бабы ғана тікелей Бөкейлік қазақтарға катысты еді. Атап айтсақ:

35-бап. Бөкей сұлтан бастаған қазақтарға Өзеннен Боғда тауына дейін, ал одан Чапчачи аркылы, Дудатск және Телепнев ватагалары бойымен теңізге дейінгі жерлерде көшіп-конуға рұқсат етіледі. Алайда бұл жерлерді олардың меншігіне бермеу керек, себебі олар Жайық өзенінің бұл бетінде мәңгілік тұрақтамайды.

36-бап. Қамысты тұрақтар мен жазықтарда, казыналық ведомство карауындағы бос жерлерде қазақтарға қыстап шығуға мұрсат беріледі.

37-бап. Кіші Орданың аз ғана қазақтарына теңіз жағалауында, Дудатск, Телепнев және Коневск батағалары аралығында қыстап шығуына болады, ал жазда өзге де қазақтарға белгіленген жерлерде немесе кондырау татарларымен бірігіп көше алады.

38-бап. Қазақтарға базар ретінде Ахтуба өзені бойындағы Ақ Мешіт және Долот-Хана кордон шептері аралығын бекіту қажет. Бұрынғы Ақ Мешіттің орнына жаңа базар салу Сыртқы істер

министріне жүктеледі. Олардың өндірісін ынталандыру мақсатында кейбір тұрақты орындар белгілеп, онда малды астыққа айырбастауларына мүмкіндік туғызу керек.

Бұдан сәл ертерек, яғни 1803 жылы 12 маусымда шыққан патша жарлығы бойынша Астрахан әскери губернаторы князь Цициановқа осы талас тудырып отырған жерлерді барлау үшін арнайы шенеунік тағайындау тапсырылды. Цицианов бұл істі жүргізуді Астрахан кордон инспекторы генерал-майор Завалишинге аманаттаған болатын. Ол ең алдымен жер бедері мен құрылымын зерттеп, Астрахан және Кавказ губернияларындағы уездерді сипаттайды. Шынтуайтқа келгенде, 1806 жылы Сенат қабылдаған жарлықта осы генерал-майордың ұсыныстары кеңінен көрініс тапқан.

Жарлықтағы Бөкей хандығына қатысты 35, 36, 37, 38-ші параграфтар Завалишиннің пікірі мен ұсынысы негізінде жасалған еді. Ол түпнұсқада былайша көрініс табады:

Параграф 23. Кіші Ордадағы Хандық кеңес төрағасы Бөкей сұлтан Нұралыұлына өз бағыныштыларымен Өзеннен Боғда тауына дейін, ол одан Чапчачи арқылы Дудатск және Телепнев ватагалары бойымен теңізге дейінгі жерлерде көшіп-қонуға рұқсат етіледі. Бөкей сұлтан өзіне бағынышты қазақтардың шаңырағы мен мал саны туралы мәлімет бермей отырғандықтан және қазіргі кезде халықтың көпшілігі Жайықтың Кіші Жүз бетіне өтіп кеткендіктен оларға жерді меншікке бермей, тек көшіп-қонуға тағайындау керек. Оның адамдары түпкілікті орныққанша жерді толықтай меншікке берудің қажеті жоқ.

Параграф 24. Бөкей сұлтанға өз бағыныштыларымен граф Безбородко мен князь Юсуповка тиесілі қамысты тұрақтар мен жазықтарда, әсіресе аса қажет болып саналатын жерлерде қыстауға мұрсат беру керек.

Параграф 25. Бөкей сұлтанға бағыныштыларымен малын сату, астыққа айырбастау және өзге де қажетті бұйымдарын сатып алуы үшін Ахтуба өзені бойындағы Ақ Мешіт пен Долот-хан кордон постылары тұсынан арнайы орын бөлу керек. Қазақтардың орыстармен жақындасуын арттыру және олардың жабайылық деңгейін кеміту үшін ескі Ақ Мешіттің орнына жаңа базар салсақ, едәуір пайда әкелері сөзсіз. Оған қоса малды астыққа айырбастау үшін шілде және тамыз айларында Саратов губерниясындағы Александров-Гай елді-мекенінде; қыркүйек және қараша айының

ортасына дейін Хожетаевка мен Сеитовкада; бүкіл қыс бойы Косалган постында сауда нүктелерін ашу кажет.

Параграф 26. Бүгінде 1801 жылғы 25 ақпандағы Кіші Жүздегі алаша руының старшыны Естеміс Құрманкожаевты Ресей бодандығына кабылдау жөніндегі жарлыкка сай 13 шаңырақ ішкі бетке өтіп отыр. Оларға қыстау үшін Дудатск немесе Телепнев және Коневск ватагалары аралығынан жер бөлу керек; көктем, жаз және күз мезгілдерінде олар Бөкейге бағынышты қазақтармен немесе қондырау татарларымен көше алады. [5].

Былайша айтқанда, Бөкей қазақтарының жер мәселесін бір ғана орыс шенеунігі Завалишин шешіп берді десе де болады. Егер сол кезде ішкі саяси жағдай мүлдем басқалай болғанда, хандық жері өзгеше ауқымда болуы мүмкін еді.

Бұл арада өзге халықтардан бұрын калмақтардың мүддесі бірінші орынға қойылды. Себебі:

1) Қалмақ халкы әуел бастан, яғни 1630 жылдан бері карай осы жерлерді иеленіп келеді.Ал қазақтар Ресей үшін «жаңадан келушілер» ғана болды.
2) Қалмақтардың шаңырақ, мал саны қазақтарға қарағанда едәуір көп еді. Қалмақтар 20000, қазақтар 6300 шаңырақты ғана құрады.
3) Қалмақтардан Ресей үкіметі пайданы өте көп көрді. Себебі бұл халық та Ресей мемлекетінің шикізат көзіне айналды.
4) Қалмақтар қазақтарға қарсы құрылған кордондарға жыл сайын шығыны 65000 сом болатын 650 әскерді атымен, қару жарағымен беріп отырды. Қазақтарға мұндай міндет ешқашан да артылған жоқ.

Сол кездегі елдің әлеуметтік жағдайына саяси бақталастықтың зардабы ерекше әсер еткен-ді. Бөкейдің түрікмен ханы Пірәлімен, Кіші жүз ханы Жантөремен, хандық кеңес төрағасы Орман сұлтанмен, таққұмар Қаратай сұлтанмен арадағы текетірестері 1810 жылға дейін созылып, Орда тұрғындарының берекесін қашырды. Бітпейтін барымта, толастамайтын қарақшылық салдарынан халық мыңдаған малдарынан айырылып, қан жылап, ауыр күйзеліске душар болды.

Дегенмен, Бөкей хан тұсында Ішкі орда қазақтарының әлеуметтік жағдайы жақсарып, көшпенді оралмандардың мерейі артты. Жылдар бойы тусырап жаткан шұрайлы далада мал көбейіп, сауда өсіп, дәулет артты. 1802 жылы хандықтағы халық саны 6300 шаңырақты құраса, 1814 жылы 8500 шаңыраққа ұлғайды. Елдің тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік деңгейі мал шаруашылығымен етене

байланысты еді. Мал басы өсімінің әр жылдағы мөлшерін төмендегі кестеден көруге болады. [6].

| Жыл | Түйе | Жылқы | Ірі қара | Қой | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1803 | - | - | - | - | 2 млн.астам |
| 1808 | 6000 | 30000 | 48000 | 600000 | 684000 |
| 1813 | 70375 | 412425 | 163026 | 2357470 | 3003296 |
| 1814 | 63338 | 350562 | 135856 | 1476948 | 2026704 |

Көршілес орыс елінде етек алған отырықшылық, елді сауаттандыру, мәдениетке көп көңіл бөлген Бөкей хан заманының заңғар ұлы бола білді. Тіпті ол жайында Орынбор әскери губернаторы Г.С.Волконский 1811 жылы 17 қазанда I Александр патшаға: «Астрахан даласында көшіп жүрген сұлтан Бөкей Нұралыұлы сұлтандардың үлкені, өзі ақылды, тәжірибелі және ұлы мәртебеліге шын ниетімен берілген адам,» - деп жазды. [7]. Прогрессивті, әрі өміршең саясат ұстанған Бөкей хан саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуда үлкен жетістіктерге жете білді. Білеушісіне, көсеміне риза болған халық «хан Бөкейдің тұсында секер шайнап, бал жұттық» деп текке жырламаса керек.

***Әдебиеттер:***


1. *Бирюков П.А. «История Астраханского казачьего войска»,Астрахань,1886 год, IIIч.,616стр.*
2. *Ресей Мемлекеттік тарихи мұрағаты, Қор-1263, тізбе -1, іс-2947, парақ – 4.*
3. *Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство – Алма-Ата, 1962-38 бет.*
4. *Медведский Т.Внутренняя киргизская орда в хозяйственно-статистическом отношении-Журн.МГП.,1862г.,286стр.*
5. *ПСЗРИ. ТХХІХ. 1806-1807.СПб,1830.№22135,283-284 стр*
6. *РФ Астрахан Облыстық Мемлекеттік мұрағаты, қор -1, тізбе – 3, іс – 351, парақ-3.*
7. *Ресей Мемлекеттік тарихи мұрағаты, қор – 1291, тізбе-81,іс-67, парақ-27.*


***


*В данной статье рассматриваются аграрные и социальные отношения Букеевского ханства в 1801-1815 годах. А также их влияние на социальное положение людей в обществе.*

ӘОЖ 94(574) «18»: 339

**М.Ғ. Дюсенгалиева**
БҚМУ аспиранты

# БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ САУДА-САТТЫҚТЫҢ КЕҢЕЮІ (XIX ғасырдың II жартысы)

Бөкей Ордасындағы сауда-саттық жағдайы көшпенді қазақтардың әл-ауқаттылығына тікелей тәуелді болды, ал қазақтардың ауқаттылығы мал шаруашылығының дамуына қатысты еді. Сол себепті, қазақтардың сатып алу қабілеттілігі мал санына байланысты еді. Ордадағы сауда-саттық, әдетте, қазақтардың малына жайлы болған жылдары шарықтап дамитын да, ал жұт жылдары күрт төмендейтін. Сондай жылдардың бірі - 1849 жылы сауда-саттық Бөкей Ордасында нашарлай бастады, себебі осы жылдан бастап қазақтар шаруашылығы жұтқа ұшыраған болатын. Әсіресе, 1852 жылғы сауда айналымы мүлде нашарлады, себебі жұтқа душар болған қазақтардың көпшілігі малының төрттен бірінен айырылған болатын. Осыдан-ақ, Бөкей Ордасының қазақтарының жұт жылының салдарынан неліктен көпке дейін көтеріле алмағандығы түсінікті. Мал шаруашылығы сауда-саттық ісінің тоқырауына алып келді.

Ордадағы сауда айналымының төмендеуі 50-ші жылдардың аяғына дейін созылды. Ал XIX ғасырдың 60 - шы жылдарының басында сауда ісінің қайта жануы байқалды. Бұл кезде қазақтардың мал шаруашылығы 1852 жылғы жұттан біраз айыққан еді. Сауданың жануы, 1858 жылы таратылған Уақытша Үкіметтің қазақ құрамының орыс шенеуніктерімен алмастырылуымен тығыз байланысты. Осының салдарынан Орда жерінде орыс көпестерінің саудасы жанданды, себебі патша шенеуніктерінен тұратын кеңестің жаңа құрамы Ордадағы сауда дамуын барынша қолдауға тырысты.

50-жылдары Ордадағы жәрмеңке кезінде лавкалардан және киіз үйлерден сенімді сұлтандар қаржы жинап, оны арнайы кітапқа жазып, жәрмеңке біткен соң, жиналған қаржының көлемі туралы Уақытша Кеңеске мәлімет берілуі тиіс болды. Ал Уақытша Кеңес бұл үдерісті қатаң бақылауда ұстап, жәрмеңке біткен соң, жиналған қаржыны тапсырып, ал арнайы кітапты шекаралық комиссияға өткізу тиіс болды [ 1].

1850 жылғы Бөкей Ордасындағы Хан ставкасындағы көктемгі жәрмеңкеге төмендегідей тауар сатылған [ 2].

| Саудагерлердің әкелген тауарлары | Әкелінген тауардың құны | Сатылған тауардың құны |
|---|---|---|
| | | |
| Жібек өнімдері | 41700 рубль | 43763 рубль |
| Қағаз өнімдері | 628745 рубль | 565458 рубль |
| Мата түрлері | 11250 рубль | 2345рубль |
| Астық өнімдері | 3980 рубль | Пұтына 4 рубльден- 5 рубльге дейін |
| Түйе жүні | 9783 пұт | Пұтына 2 рубльден 2 рубль 50тиынға дейін |
| Ешкі түбіті | 863 пұт | Пұтына 4 рубльден 5 рубльге дейін |
| Темекі | 518 | 85 тиыннан 1 рубль 15 тиынға дейін |
| Мануфактуралық бұйымдар | 14420 рубль | 10858 рубль |

1850 жылы мал дәрігері Ольдекоптың Бөкей Ордасындағы күзгі жәрмеңкеге әкелінген және сатылған мал туралы мәліметінде былайша көрсетіледі: « 1850 жылы көктемгі жәрмеңкеге жылқы - 850 басқа дейін, ірі қара - 11600 басқа дейін, қой малы - 70000 басқа дейін, түйе малы - 450 басқа дейін әкелінді. Олардың ішінде сатылғаны: жылқы - 687, ірі қара - 11531, қой-64828 және түйе - 404 басы сатылды. Сонымен бірге, жылқы терісі - 1762 дана, түйе жүні - 270 дана, әр түрлі ұсақ тері - 644 дана, қой терісі - 5493 дана, түйе жүні - 9783, ешкі түбіті - 863 дана әкелініп сатылды [3].

XIX ғасырдың II жартысында Перовский Орданы қайта құруға кіріседі, оны оңтүстік бөліктен бастайды, 2-ші теңіз округін құрып, оны старшындықтарға бөледі. 1855 жылы құрылған Қамысты-Самар бөлімі Орал казак әскері жерімен, Таловка бөлімі Самара губерниясының Новоузеньск уезімен, Торғын бөлімі Саратов губерниясымен, Қалмақ бөлімі Астрахань губерниясының Царевск уезімен, ал Нарын бөлімі хандықтың орталығында орналасып, басқа бөлім округтерінің қоршауында жатты. Ал 1-ші теңіз округі Каспийден солтүстікке қарай орналасқан, ал 2-ші теңіз округі Астрахань губерниясының Краснояр уезімен шектеседі.

XIX ғасырдың II жартысында қазақтар бұл бөлініске қарсы болды, ал Уақытша Кенес қазақтардың шағымын дұрыс деп есептеді. Сөйтіп, бұл Перовскийдің реформасы нәтижесіз аяқталды. 1862 жылы 8 қаңтарда Орда Ішкі істер министрлігіне қарады. Сонымен бірге,

Бөкей Ордасында несиелік касса, қазыналық кәсіпорын және азық-түлік капиталы ұйымдастырылды. Бұл мекемелер империяның шет аймақтарды экономикалық жағынан игеруіне, тауар өткізу рыноктарының дамуына байланысты құрылған болатын. 1854 жылы Хан ставкасында ссудалық касса ашылды.

Сонымен қатар, XIX ғасырдың II жартысында хандықтың экономикасын қайта құрулардың негізі алым-салықты ретке келтіріп, одан түскен соманы халықтың қажеті үшін азық-түлік қорын жақсартуға жұмсалды. Ал оның пайдасы аз болғандықтан, ссудалық кассаның ашылуы халықтың өз қажеті үшін пайызбен кассадан қаржы алып, пайдалануына мүмкіндік берді. Ссуда қазақтарға 3 айдан - 1 жылға дейін куәлардың көзінше берілді.

XIX ғасырдың II жартысында Бөкей Ордасында сауда ісі жоғары деңгейде жүрді. Ордадағы жәрмеңкеге бекітілген Астрахань казак әскері Хорунжий Симоновтың Ішкі Қырғыз Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңеске жазған мәлімдемесінде былай баяндалады: «Ішкі Қырғыз Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңеске былай деп мәлімдеймін: Ставкада осы кезге дейін өткен жәрмеңке сәтті аяқталды, оған қатысқан саудагерлер өз мекендеріне қайтты. Олардың тек аз бөлігі ғана әлі өзара есептеу мен кейбір сауда істерімен қалды. Жұмыстары біткен соң, өз мекендеріне оралады деп ойлаймын. Сонымен қатар, жәрмеңкенің өту барысында ешқандай шектен шығу оқиғасы болған жоқ» [4].

Бұдан XIX ғасырдың II ширегінде Бөкей Ордасындағы сауда ісінің жоғары деңгейде жүргенін байқаймыз.

Енді Ордадағы сауда-саттықтың жандануы мен оның ірі даму барысын сипаттау үшін кейбір сандық деректер мен фактілер келтірейік.

Қазақтардың жәрмеңкелердегі мал мен мал шаруашылығы өнімдерін сату барысы туралы есептік мәлімет жасап, Орда жерінен мал айдап әкелуге, шикізат тасуға арнайы куәлік берумен айналысқан Бөкей Ордасының мал дәрігері Яковлевтің есебінде келтірілген деректерге сүйенсек, төмендегідей көрініске куә боламыз.

Хан ставкасы маңындағы көктемгі және күзгі жәрмеңкелерде 1861 жылы төмендегідей тауарлар сатылды: жылқы - 1049 бас, ірі қара - 15577 бас, қой - 67858 бас, түйе - 285 бас. Яковлевтің деректері бойынша "ірі қара, көбінесе, Мәскеуге, ал өзге мал түрлері Ресейдің басқа қалаларына жіберіліп отырған."

Сатылған тері өнімдері: жылқы терісі - 13308 дана, елтірі - 36375 дана, ірі қара - 2152 дана, бұзау терісі - 444 дана, қой терісі -

48056 дана, ешкі терісі - 6941 дана, түйе терісі - 1156 дана. Бұл терілер, Яковлевтің айтуынша, Царыцин, Камышин, Дубовка Посады қалаларындағы былғары зауыттарына, ал бір бөлігі - ішкі Ресейге жөнелтіліп отырған, сатылған жүн өнімдері: түйе жүні - 14656 пұт, жабағы жүн - 305 пұт, ешкі түбіті - 698 пұт, жал мен құйрық - 90 пұтка дейін, шөп - 620 пұт. Жүн Тамбов пен Саратов фабрикаларына, ешкі түбіті - Нижегород жәрмеңкесіне, жал мен құйрық - шетелге, ал май - ішкі Ресейге жөнелтілген [5].

Бұл материалдан көріп тұрғанымыздай, Орда жәрмеңкелерінде мал мен мал шаруашылығы өнімдерінің комакты саны сатылған. Ескере кететін бір жайт - шын мәнінде, Яковлевтің есебіндегі бұл саннан да көп мал сатылған болу кажет, себебі сатылған тауарлардың барлығын түгелдей дерлік ресми санакка алу мүмкін емес еді.

